

ЕББҚ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДА ИММЕРСИВТІ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Турмаганбетова Загипа Полатовна
Алтыбаева Альбина Нағашыбайқызы
zagypaturmaganbetova@gmail.ru
iamalbello04@gmail.com

6B01503 – «Информатика мұғалімдерін даярлау»
білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі – **Наурызова Нуршат Қуанышкалиевна**
аға оқытушы, магистр

Инклюзивті білім беру-бұл жалпы дамудың үздіксіз процесі, баршаға сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған білім беру әртүрлілігі, әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді, сипаттамалар мен күтулерді ескере отырып оқушылар мен қауымдастықтарды оқыту, кемсітушіліктің барлық түрлерін жою. Инклюзивті білім берудің маңызды міндеттерінің бірі оқушылардың оқудағы қажеттіліктерін ескере отырып, оқу үрдісін нәтижелі ұйымдастыру, білім алу жағдайларын жасау болып табылады. ЕББҚ бар балаларды арнайы мектептерде оқытуды қолдайтын, қалыпты сыныптардың мұғалімдерінің ойынша балаларға, оқу бағдарламасын меңгеруде қойылатын талаптарды жеңілдету керек [1].

Мақсатқа жету үшін инклюзивті мектептің мұғалімі келесі міндеттерді шешуі керек:

- ЕББҚ балаға қажетті оқу материалдарын, түрлі топтағы оқу және дидактикалық материалдарды бейімдеу немесе құрастыру.

- ЕББҚ баланы мектеп қоғамына, құрдастарының тобына бейімдеу – әр баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, өзін-өзі таныту қажеттілігін іске асыруға, мектептің, сыныптың өміріне қатыстыруға бағытталған жұмыс жүргізу.

ЕББҚ балаға арналған жеке оқу бағдарламасының негізгі мақсаты – мүмкіндігінше «бұзылысты» түзету [2].

Инклюзивті сыныптағы ЕББҚ бар балалар үшін жалпы білім беретін пәндердегі бағдарламалық материалдарды бейімдеу кезінде төмендегідей мүмкіндіктерді ескеру қажет:

- Оқушының мүмкіндігіне қарай жалпы оқу бағдарламасын бөліп орындау;
 - Оқу тапсырмаларының бастыларына, негізгі тақырыптарына, ұғымдарына, тұжырымдарына қатты көңіл аударып отырып көлемін, санын азайту;
- Қиын орындалатын тапсырмаларды баламалы ауыстыру: мысалы, жазу жұмыстарының орнына – жапсыру, сурет салу, тақырыпқа сәйкес табиғи объектілермен жұмыс жасау; сызу мен геометриялық фигураны өлшеудің орнына – тек қана оны өлшеу және т.б.

- Бір тақырыптың аясындағы объектіні оқуды таңдау мүмкіндігі беріледі;
- Бағдарламалар мен оқу жоспарларын құру оқушыларды анықталған деңгейлерді кезеңдерге қарай өту мүмкіндігімен қамтамасыз ету, келесі деңгейге өту үшін мәні бар тұжырымдамаларды бекіте отырып блокты- модульді негізде құрылуы қажет.

Мәтіндік құжаттармен (жазу және оқу) жұмысты түрлендіру:

- Аз уақытта толтыруды қажет ететін жаттығулары бар парақ- шаблондарды пайдалану;

- Тапсырманы дербес компьютерде орындау;
- Оқушыны басқа оқушылардың(өзара талқылауымен) жазуларының көшірмесімен қамтамасыздандыру, мұғалімнің ауызша хабарламасының жазбаша түрін алу;

- Мазмұндық ұғымды, сөздер мен сөйлеу айналымын түсінуде қиындық туындаған жағдайда қосымша баспадан шыққан оқу материалдарымен, дыбыс және видеоматериалдармен, жеке көмекпен қолдау;

- Оқушыларды мұғалімнің тақтаға жазған үй тапсырмасының жазбаша түрінің көшірмесімен қамтамасыздандыру;

Көру қабілеті нашар оқушыларға арналған АКТ құралдары оқу материалдарын визуалды және аудио форматта ұсынуға бағытталған. Бұл оқушылар үшін ақпаратты қабылдау қиындықтарын жеңілдету мақсатында заманауи технологиялар қолданылады. Мысалы, экрандағы мәтінді оқуға арналған экрандық лупалар немесе экрандағы жазуды үлкейтетін бағдарламалар кеңінен қолданылады. Бұл құралдар көру қабілеті төмен оқушыларға экрандағы ақпаратты оқуға және түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экрандық оқу бағдарламалары (screen readers) көру қабілеті мүлдем жоқ оқушылар үшін маңызды рөл атқарады. Бұл бағдарламалар экрандағы мәтінді дыбыстап оқып береді, осылайша оқушылар материалды есту арқылы қабылдай алады. Танымал бағдарламалардың қатарына JAWS (Job Access With Speech) және NVDA (NonVisual Desktop Access) жатады [3]. Бұл бағдарламалар оқушыларға компьютерді басқаруға, мәтіндік файлдармен жұмыс істеуге және интернет ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, есту қабілеті шектеулі оқушыларға арналған визуалды құралдар, мысалы, субтитрлер мен мәтіндік хабарламалар, оқу процесін жеңілдетеді. Сөйлеу немесе қозғалыс бұзылыстары бар оқушылар үшін арнайы енгізу құрылғылары, дауыс тану жүйелері және басқа да адаптивті құралдар білім алуға қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Microsoft корпорациясы инклюзивті білім беруді дамытуға үлес қосып келеді. Мысалы, Microsoft Word бағдарламасындағы "Иммерсивті оқу құралдары (Иммерсивное средство чтения)" функциясы ерекше қажеттіліктері бар балаларға мәтінді қабылдауды жеңілдетеді. Бұл құрал оқушылардың оқу дағдыларын жақсартып, олардың дербестігін арттыруға көмектеседі. Осындай технологиялық шешімдер инклюзивті білім берудің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Microsoft Word білім беру процесін жетілдіруге арналған заманауи құрал, әсіресе ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін маңызды мүмкіндіктерді ұсынады. Бағдарлама мәтіндік құжаттарды құру, өңдеу және форматтаумен қатар инклюзивті білім беру мақсаттарына бейімделу үшін арнайы функциялармен жабдықталған. Иммерсивті оқу құралдары, дауыстап оқу, құжаттардың инклюзивтілікке сәйкестігін тексеру және басқа да мүмкіндіктер Microsoft Word-ты әмбебап және қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі әртүрлі оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделуге бағытталған. Осы тұрғыда инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар балаларға тең мүмкіндіктер ұсынуға көмектеседі. Инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін педагогтар инновациялық әдістерді қолдануы тиіс. Солардың бірі – иммерсивті оқыту. Бұл бағдарлама тек оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың қажеттіліктеріне жауап бере отырып, олардың білім алуын қолжетімді әрі тиімді етеді.

Иммерсивті оқыту – оқушыларды білім беру процесіне толықтай енгізу арқылы оқу материалын меңгерту әдісі. Бұл әдіс виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR), геймификация, рөлдік ойындар және интерактивті орта арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл баланың танымдық белсенділігін арттырып, оның оқу процесіне деген қызығушылығын күшейтеді [4].

Инклюзивті білім беруде иммерсивті оқытудың маңызы:

- Жекелендірілген оқыту мүмкіндігі, яғни иммерсивті технологиялар әр баланың қабілеті мен қажеттіліктеріне бейімделетін икемді оқыту процесін ұсынады. Бұл әдіс арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалар өздеріне ыңғайлы қарқынмен білім алады.


- Көрнекілік және интерактивтілік, бұл визуалды және аудиалды құралдар арқылы оқыту балалардың ақпаратты жақсы қабылдауына көмектеседі. Мысалы, дислексиясы бар оқушылар үшін мәтіндік ақпаратты аудио немесе анимация түрінде беру тиімді болады.

- Қоршаған ортамен өзара әрекеттесу, яғни виртуалды шынайылық оқушыларға түрлі тәжірибелерді бастан өткеруге мүмкіндік береді. Мысалы, физикалық қозғалысы шектеулі балалар VR арқылы қоршаған әлемді зерттей алады.

- Инклюзивті сыныптарда иммерсивті оқыту балалар арасындағы өзара әрекеттесуді ынталандырады. Рөлдік ойындар мен топтық жобалар арқылы балалар қарым-қатынас дағдыларын дамытады.


- Эмоционалды қолдау, яғни иммерсивті оқыту стрессті азайтуға көмектеседі. Мысалы, аутизм спектріндегі балаларға арналған арнайы бағдарламалар олардың эмоционалды тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Windows 16-дан жоғары нұсқаларында иммерсивті оқу құралы автоматты түрде қондырылады. Мәтіндік редакторде иммерсивті оқу құралының көптеген көмекші функциялар бар: беттің түсін өзгерту, қажетті жолдарды таңдап, ерекшелеп көрсету, көзі сәл нашар көретіндерге әріптер ортасында интервалды үлкейту және буындап, дауыстап оқу (1 - сурет).




Сурет 1 – Иммерсивті оқу құралы

Беттің түсін өзгерту функциясы мәтінді оқуды жеңілдету үшін фон мен мәтін түсін реттеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе көзі нашар көретін балаларға мәтінді анық көріп, оқу барысында жайлылық сезінуге көмектеседі (2 - сурет).




Сурет 2 – Беттің түсін өзгерту

Жолдарды ерекшелеу функциясы мәтін оқу кезінде әр жолды бөлектеп көрсету арқылы назарды шоғырландыруға көмектеседі. Бұл көру қабілеті төмен балалардың мәтінді оңай әрі түсінікті оқуы үшін өте қолайлы (3 - сурет).




Сурет 3 – Жолдарды ерекшелеу

Интервалдар функциясы мәтіндегі әріптер, сөздер немесе жолдар арасындағы қашықтықты өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл көзі нашар көретін балаларға мәтінді анық оқып, шаршамай, оқу жылдамдығын арттыруға жағдай жасайды (4 - сурет).



Сурет 4 – Интервал


Құжаттың инклюзивті ортаға сәйкестігін тексеру функциясы мәтін мазмұнының барлық пайдаланушылар үшін қолжетімді және ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді. Бұл функция мүмкіндігі шектеулі балалардың құжаттағы ақпаратты тиімді қабылдауына ыңғайлы орта жасауда көмегі зор (5 - сурет).



Сурет 5 – Инклюзивті ортаға құжаттың сәйкес келетінін тексеру

Егерде бұл функциялар сіздің Word редакторыңызда болмаса сіз оларды Настройки функциясы арқылы қосып алуыңызға болады.

Надстройки функциясы Microsoft Word бағдарламасына қосымша мүмкіндіктер мен құралдарды қосуға мүмкіндік береді. Бұл функция инклюзивті ортада қолдану үшін арнайы құралдарды жүктеп, оқыту процесін ыңғайлы әрі тиімді етуге көмектеседі (6 - сурет).



Сурет 6 – Надстройки функциясы

Қорытындылай келе, иммерсивті оқыту – инклюзивті білім берудің болашағы зор, заманауи әдістерінің бірі. Бұл тәсіл ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді және бейімделген білім алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың когнитивті, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балалар үшін иммерсивті технологияларды қолдану өте маңызды. Себебі, VR және AR технологиялары арқылы олар өздерін ыңғайлы сезініп, күрделі материалдарды жеңіл игереді. Сонымен қатар, иммерсивті оқыту әдістері олардың қоршаған ортамен қауіпсіз және интерактивті түрде танысуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, иммерсивті оқыту мұғалімдерге әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, инклюзивті білім беру жүйесінде иммерсивті технологияларды кеңінен енгізу – білім берудің теңдігін қамтамасыз етудің маңызды қадамы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аубакирова, Б. (2020). Инклюзивті білім беру және оның ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті.
2. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқуқұралы/ М.П. Оспанбаева. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 232 бет
3. Microsoft Education. (2021). Inclusive Education Tools in Microsoft Word. Retrieved from <https://education.microsoft.com>
4. Microsoft. (2023). Иммерсивное средство чтения. Retrieved from <https://www.microsoft.com/ru-ru/microsoft-365/word>